

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚТЫҢ ӘЛЕМДІК ЗАҢ АРЕНАСЫНДАҒЫ ОРНЫ ТУРАЛЫ

Әлемде халықаралық құқық нормалары және мемлекеттердің тәуелсіздік құқығын құрметтеу мемлекеттер арасындағы сапалы өзара қатынастардың басты алғышарттарының бірі болып келеді. Халықаралық құқық нормалары мемлекеттер арасындағы қатынастардың пайда болуынан туындайды. Халықаралық қатынастарды халықаралық құқық реттейді, сонымен қоса оның нормаларына өз ықпалын тигізеді. Халықаралық құқық кез келген қоғамның өмірінде маңызды орын алатын жан-жақты және дамыған халықаралық қатынастарды реттеп отырады.

Халықаралық құқық дегеніміз халықаралық қатынастарда мемлекет пен басқа қатысушылар (субъектілер) арасындағы қатынасты реттейтін заңдық принциптер мен нормалардың жиынтығы. Халықаралық жұртшылық құқықтың негізгі принциптері: күш пен қауіп-қатерді күшпен қолданбау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу, басқа мемлекеттердің ішкі ісіне, құқықпендігі мен халықтардың өз жолын анықтауына араласпау, мемлекеттердің ынтымақтастығы мен егеменді тегі, міндеттемелерді ерікті түрде орындау. Халықаралық құқықтың көптеген жаңа нормалары. Арнайы халықаралық конвенция жолымен бекітіледі. Мемлекеттердің өз міндеттемелерін бұзуы, жауапкершілікке әкеліп соғады. Халықаралық қатынастарда, халықаралық ілтипат нормаларының сақталуына, әсіресе дипломатиялық этикет саласына және т.б. үлкен маңыз беріледі. Халықаралық құқықтың субъектісі дегеніміз – халықаралық құқық нормалары негізінде халықаралық аренада субъективті құқықтармен заңды міндеттерді жүзеге асыра алатын, халықаралық қатынастарға қатысушы тұлғалар. Олар халықаралық құқықтың қабілеттілік пен әрекет қабілеттілікке ие болуы керек[1].

Жеке меншікке негізделген әлемдік шаруашылық, дамыған елдердің экономикасы өз жемістерін берді: алғашқы автокөліктер, отарбалар және вагондарымен қоса темір жолдар, ұшу аппараттары пайда болды. Бұл мәселе мемлекет ішінде ғана емес, мемлекеттер арасындағы қатынастардың да құқықтық реттелуіне түрткі болды. ХХ-ғасырдың басы халықаралық құқықтың тамаша ескерткіштері, туындылары әскери қозғалыстарды ашу туралы, жер соғыстарының ережелері (заңдары) мен дәстүрлері туралы, жер және теңіз соғыстары жағдайындағы бейтарап державалардың құқықтары мен міндеттері туралы 1899 және 1907 жылдардағы Гаага Конвенциялары табылады. ХХ-ғасырдың елеулі оқиғасы – 1919 жылы Ұлттар Лигасының және 1945 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы. Әмбебап ұйымдар бола отырып, бұлар халықаралық құқықтың дамуына өз үлестерін көп қосты. БҰҰ фашизмге қарсы күресте біріккен, одақтасқан мемлекеттер тарапынан құрылып, қазіргі халықаралық құқықтың демократиялық дамуында ерен еңбек сіңірді. Жарғысы демократиялық қағидаларды қамтыды. Халықаралық құқықтың жүзеге асыру қызметін қарастыратын және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі мен БҰҰ Халықаралық Сотының тарапынан іске асырылатын БҰҰ Жарғысы біздің дәуіріміздің негізгі халықаралық құжаты. Одан бұрын араларындағы даулы мәселелерді бейбіт шешу тәсілі ретінде мемлекеттерді соғыстан бас тартуға шақыратын 1928 жылы қабылданған Брианна-Келлог актісі ХХ-ғасырдың маңызды халықаралық-құқықтық құжаты болып табылды. Бұл құжаттың маңыздылығы сол, оның нормалары кейіннен заманауи халықаралық құқықтың жалпыға міндетті нормалар болып қалды. ХХ-ғасырдағы ғылыми-техникалық өрлеу бірқатар құқық салаларының қалыптасуы мен дамуына әкелді. Мысалы, әуе, көлік, ғарыш. Енді компьютерлік құқық жайында әңгіме қозғасақ та артық емес. Ал ғылым мен техниканың дамуы табиғаттың өз қалпын сақтап қалуына мүмкіндік бермеді. Ол тек мемлекет ішілік қана емес, бүкіл әлемдік мәселе болғандықтан халықаралық экологиялық құқық ұғымы да пайда болды. Ал мұндай қатынастардың пайда болуымен халықаралық келісімдер мен конвенциялар саны күн өте артып отырды. ХХ-ғасырда қабылданған мұндай құжаттар саны ХХ-ғасырға дейінгі жасалған шарттардан әлдеқайда көп екені айтпаса да белгілі әрі әділ де. Сондықтан 1969 жылы «Халықаралық шарттар құқығы туралы» Вена Конвенциясы кездейсоқ қабылданған жоқ. Халықаралық жария құқық егеменді мемлекеттің ерікті келіссөздері негізінде бейбіт, қатар өмір сүруде. Халықаралық жария құқық халықаралық құқықтың қағидаларын толық жүзеге асыруды баянды етіп, мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, дипломатиялық, консулдық және тағы басқа қатынастарды реттеуге арналған құқық жиынтығы. Халықаралық

шарттардың жүргізілуі, тоқтатылуы, өзгертілуі осы халықаралық құқықтың бір саласы болып табылады. Бұл халықаралық құқық басқа құқық саласына кірмейді[2]. Халықаралық құқық екіге бөлініп кетеді: халықаралық жария құқық және халықаралық жеке құқық.

Халықаралық жария құқық — бұл құқық субъектілерінің еріктерін үйлестіру жолымен жасалатын, әрі заңдық тұрғыдан міндетті деп танылатын және қажетті жағдайларда мәжбүрлеу жолымен қамтамасыз етілетін заң нормаларының жүйесі және мемлекеттер арасындағы әр түрлі саяси, экономикалық және өзге де қатынастарды, сондай-ақ халықаралық қатынастарға қатысушы басқа да құрылымдарды реттейтін құқықтың бір бөлімі. Халықаралық жария құқық негізінен мемлекетаралық қатынастарды реттейді. Осы заманғы халықаралық құқық халықаралық жария және халықаралық жеке құқық болып екіге бөлінеді. Халықаралық жария құқықтың қызмет етуі үшін мынадай мәселелер өзекті болып табылады: Халықаралық құқық мемлекеттің көпшілік таныған нормалары мен қағидаларын сақтауын міндеттей келе, олардың сыртқы саясаты мен дипломатиясын шектеп отырады; Халықаралық құқық сонымен бірге сыртқы саясат пен дипломатияның дамуы үшін негіз бола алады; Халықаралық құқық сыртқы саясат пен дипломатиялық қатынастарға қатысушы органдардың қызметін реттейді; Мәселен, халықаралық жария құқық өзінің жүйесінде дипломатиялық және елшілік құқық салаларын зеттейді. Оған халықаралық болсын, сондай-ақ ішкі мемлекеттік сипатта болсын, жетерліктей нормативтік база бар, мәселен 1961 жылғы дипломатиялық қатынас туралы Вена конвенциясы, 1963 жылғы елшілік қатынас туралы Вена конвенциясы, 2002 жылғы Дипломатиялық қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңы. Халықаралық жария құқықтың қызмет етуінің онды жақтарымен қатар, халықаралық ынтымақтастықтың, халықаралық бірлестік субъектілерінің уақыт өткізбей назарын аударатын шараларды да айта кету керек. Олар: Қарусыздандыру мәселелері, оның ішінде, ядролық қарусыздандыру; Экоцид проблемалары – қоршаған ортаны қорғау; Халықаралық қылмыстық құқық мәселелері; Жауапкершілік институтының жүйеленуі; Есірткі саудасымен күрес проблемалары; Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық-құқықтық мәселелері. Халықаралық құқық дамуының аталған бағыттары мұнымен шектелмейді[3].

Халықаралық жария құқықтың материалдық қайнар көздері ретінде халықаралық еңбек бөлінісі нәтижесінде дамиды және халықаралық құқық нормаларын түзетін бүкіләлемдік экономикалық қатынастарды айтамыз. Осы заманғы халықаралық құқықтың мағынасындағы қайнар көздері – бұл оның нормалары мен қағидаларының көрінуі мен бекітілуінің ерекше, арнаулы нысаны. Осы заманғы халықаралық құқықтың заңдық қайнар көздері халықаралық құқық шығармашылықта ерекше орынға ие, атап айтқанда халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаларының қалыптасу және пайда болу процесін қорытындылайды. Сөйтіп, халықаралық құқықтың қайнар көздерінің – заңи мағынасы – бұл, оның субъектілерінің келісілген еркін білдіретін халықаралық құқық нормаларына айналған нысандар. Қайнар көздердің жүйесі негізгі және көмекші болып екіге бөлінеді. Негізге мыналар жатады : халықаралық шарт , халықаралық дәстүр. Халықаралық құқықтың көмекші қайнар көздеріне мыналар жатады: халықаралық ұйымдардың шешімдері, қарарлары, халықаралық соттың және төрелік соттың шешімдері, мемлекетішілік заңдар, ұлттық соттардың шешімдері, халықаралық құқықтағы ғалымдар докторинасы[4]. Халықаралық жария құқық өзі бірнеше салалардан тұрады, соның бір саласы — халықаралық шарттар құқықтықтары.

Халықаралық келісім шарт құқығы халықаралық құқықтың негізгі бір саласы болып табылады. Халықаралық шарт құқығы дегеніміз – мемлекеттер мен халықаралық құқықтың басқа да субъектілерінің арасындағы халықаралық шарттардың жасалуы, орындалуы және тоқтатылуы жөніндегі қатынастарды реттейтін халықаралық құқық нормалардың жиынтығынан тұратын халықаралық құқықтың бір саласы халықаралық келісім шарт құқығының объектісі халықаралық келісім шарттың өздері болып табылады. Халықаралық келісім шарт дегеніміз – жазбаша түрде жасалатын мемлекеттердің немесе халықаралық құқықтың басқа да субъектілерінің өзара құқықтары мен міндеттерінің пайда болуы, өзгерілуі және тоқтатылуы мәселелерін реттейтін 2 немесе одан да көп халықаралық құқықтың субъектісі арасындағы келісім. 1969 ж. халықаралық келісім шарттар құқығы туралы конвенцияның 6-шы бабында әр мемлекеттер халықаралық құқық субъектісі ретінде келісім шарт жасау құқық қабілетіне ие болады делінген. Тараптардың санына халықаралық келісім шарттарды 2 және көп жақты келісім шарттарға бөлуге болады. Көп жақты келісім шарттардың мысал ретінде, 1945 жылғы БҰҰ Жарғысын 1948 жылғы геноцид қылмыстарымен, оларға

қолданылатын жазалар туралы конвенцияны, 1961 жылғы есірткі заттар туралы конвенцияны айтуға болады. 2 жақты келісім шарттың саны өте көп 10000 –нан астам[5].

Халықаралық жария құқықтағы адам құқығына келетін болса. Кез келген мемлекеттегі халықтардың құқықтық жағдайы оның ішкі заңдарымен айқындалады. Халықтың құрамы, әдетте, өзінің азаматтары мен шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан құрылады. Сондай-ақ, екі азаматтығы бар адамдар болып табылады. Халықаралық құқықта азаматтық мәселелерін реттейтін шарттық және әдет-ғұрыптық нормалар жүйесі бар. Адам құқығы халықаралық құқық саласы негізгі азаматтық саяси экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен адам бостандықтарын қалыптастыратын нормалардың жиынтығы және адамның жеке құқықтары мен бостандықтарын дұрыс орындауын қамтамасыз ететін

Қазіргі кезде нарықтық кезең болғандықтан экономика және сауда-саттық саласы қарқынды дамып келуде, ал онымен қоса құқық, заң саласы да дамып, үлкен өзгерістерге ұшыруда, әсіресе халықаралық құқық, себебі кез келген дамыған мемлекет басқа мемлекеттермен мемлекетаралық қатынас орнатады, бұл өз кезегінде жаңа халықаралық шарттардың орнауына алып келеді. Осы мемлекетаралық мәселелермен халықаралық жария құқық саласы айналысады. Сол себепті халықаралық жария құқық үлкен маңызға ие болып басқа құқық салаларымен салыстырғанда үлкен орынға ие болуда, сол себепті бұл салаға аса қатты көңіл бөлініп, оны нақтылап, одан әрі дамытуда.

Пайдаланылған әдебиттер тізімі:

- 1.Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық.- Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл. ISBN 9965-11-274-6.
- 2.Қазақстандық ашық база қоры. URL: <http://www.uniface.kz//005> (жүгінген уақыт : 20.01.2020).
- 3.Еркін энциклопедия. URL:<https://kk.m.wikipedia.org/wiki>(жүгінген уақыт 27.01.2020).
- 4.Құлжабаева Ж. О. Халықаралық жария құқық. Жалпы және ерекше бөлімдер. – Алматы: “НАС”, 2003 – 384 бет. ISBN 9965-517-58-4.
- 5.Студенттік ашық база қоры. URL: <https://studopedia.org/4-171070.html>(жүгінген уақыт 26.01.2020).

Маханова А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, экономика факультеті, ОЦ-31, студент
(*Ғылыми жетекшісі – э.ғ.м, аға оқытушы Амиркулова М.Б., э.ғ.м, аға оқытушы Темірбекова Л.А.*)

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қазіргі уақытта, Қазақстанда жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу мен сатудың нормативтік базасы пайда болған және кәсіпорындардың банкроттығы тетігі қалыптасқанда, кәсіпорындардың және жылжымайтын мүлік объектілерінің (оның ішінде жер учаскелерінің) құнын анықтау, мүлікті сатып алу және сату, мүлікті кепілге алу, салық салу базасын айқындау, мүлікті сақтандыру, кәсіпорындар учаскелерінің үлесін бөлу, ұйымдастыру, тарату, сондай-ақ мұрагерлік және сот үкімін пайдалану кезінде қажеттілігі жиі туындайды.

Жылжымайтын мүліктің бағасын анықтау қиын және көптеген интерпретациялар бар. Мүліктің құнын анықтау үшін оған әсер ететін әлеуметтік, экономикалық, заңдық және басқа да факторларды білу қажет. Осы орайда экономика саласындағы бағалаушы мамандығының орыны ерекше екені айқын көрінеді. Экономиканың негізін қалаушылар бұл бағалаушылар. Себебі, жұмыстың басталуының ең негізгі бөлімі бұл бағалау егерде белгілі бір мүлікті бағалау кезінде дұрыс бағаланбаса онда онда әрі қарай жүргізілетін бухгалтерлердің есеп-қисаптары дұрыс болмасы анық. Қазақстанда еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы «Егеменді Қазақстан» газетінде осыдан екі жыл бұрын 2017 жылы 12 сәуірде жариялаған болатын. Нұрсұлтан Әбішұлы нарықтық түрлендіру мен әлеуметтік теңсіздік байланысының түйінді проблемасын өте анық аңғарған. Жалпы біздің ашық экономикаға қақпалар емес, көпірлер қажет. Бірақ бәсекеге қабілетті тауар ұғымы екі құрама бөлшектен тұрады: баға мен сапа. Егер баға нарықпен анықталатын болса, сапа, өнім қауіпсіздігінің туындысы ретінде, бүгінгі таңда ерекше қорғалуға мұқтаж, өйткені ол біздің бүкіл қоғамымыздың өмір стандарттарына тікелей әсер етеді. Одан басқа, өнім сапасына